




ӨЗГЕРІСТЕР! ӨЗГЕРІСТЕР!

БІЛІМ КҮНІ-2022

БІЛІМ ОРДАСЫНА -  
50 ЖЫЛ!

# МҰРАТБАЕВ NEWS



## 1-ШІ ШЫҒАРЫЛЫМ

Жаңа оқу жылында қандай өзгерістер болады? Ғани Мұратбаев гимназиясында білім күні қалай өтті? Елу жылдық мерейтойын қарсы алатын гимназияда қандай өзгерістер болады? Бұл туралы сіз біздің газеттің жаңа шығарылымынан таныс боласыз!

## ӨЗГЕРІСТЕР! ӨЗГЕРІСТЕР!

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мүмкіндігі бар мектептер бес күндік оқу аптасында қалатынын айтты. Ал кей мектеп жұмысты бес күнге ұйымдастыра алмаса, өз ішінде алтыншы күнге сабақ қоя алады.

"Мектептерде бес күндік оқу аптасы қажет екенін айтып жатырмыз. Алайда пандемияға байланысты әлеуметтік арақашықтық, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшелігі бар. Егер мектеп бес күндік оқу аптасында жұмысты ұйымдастыра алмаса, мұндай жағдайда кей сыныпты, кей сабақты алтыншы оқу күніне ауыстыра алатынын түсінуіміз керек. Жалпы бес күндік оқудан алты күндік оқуға ауысу жоспарланып отырған жоқ", - деді министр



## ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫ

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2022-2023 оқу жылында елімізде 3,6 млн бала 7 637 мектепте білім алады. Балаларды 1-сыныпқа қабылдау науқаны кезінде ата-аналардан 400 мың өтініш түскен. Өтініш берушілердің 70%-дан астамы қазақ тілінде оқуды таңдаған. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша 280 мыңдай балаға орын жетпейді. 2025 жылға қарай бұл сан 1 млн орынға жетуі мүмкін. «1000 мектеп» жобасының аясында былтыр 270 мектеп салынса, биыл 225 мектепті қолданысқа беру көзделген.

# БІЛІМ КҮНІ - 2022

1 қыркүйек – Білім күні «Білімге құштарлық, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты мерекелік іс-шарасы гимназиямыздың 50 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. 50 жылдық тарихтың негізін қалаған, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп жүрген аттары алтын әріппен жазылатын бір топ ұстаздарымыз осы мерекелік іс-шараның қонақтары ретінде шақырылды. Салтанатты жиында аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мамадияров Ерік Қамбарұлы, білім бөлімінің сектор басшысы Абдурасулов Шары Нұрасылұлы және гимназия директоры Наметкулов Мұхит Жанұзақұлы құттықтау тілектерін арнады.



Ардагер ұздарымыз өз тәжірибелерімен бөлісу мақсатында, жоғарғы сынып оқушылары және гимназиямыздың жас мамандарының қатысуымен «Ұстаз – ұлық емес, ұлы мамандық!» атты тақырып аясында сұхбаттасты. Сұхбат барысында ардагер ұстаздарымыз өз тәжірибелерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді.



[GMONLINE.KZ](http://GMONLINE.KZ)

**МҰРАТБАЕВ  
NEWS**

2 БЕТ

## БІЛІМ ОРДАСЫНА - 50 ЖЫЛ!

Әрбір білім беру ұйымының өз тарихы бар! Ғани Мұратбаев атындағы гимназия - 2022 жылғы 1 қыркүйекте өзінің елу жылдық мерейтойына кірді. 2022-2023 оқу жылына мектеп ұжымының мерейтойлық жылды өткізуге үлкен жоспарлары бар! Оқу процесі сапалы өзгерістерге ұшырайды, сонымен қатар гимназия белсенді цифрландыру процесінде. Оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде, бұл оқушылардың білім сапасын арттыра отырып, оқу процесін айтарлықтай жеңілдетеді!

*Ғани Мұратбаев  
гимназиясына*



У каждой организации образования есть своя история, гимназия имени Гани Муратбаева - не исключение! 1 сентября 2022 года вступила в свой пятидесятилетний юбилей. На 2022-2023 учебный год у коллектива школы большие планы на проведение юбилейного года необычно! Учебный процесс претерпит качественные изменения, так же гимназия находится в процессе активной цифровизации. Проводятся активные работы по внедрению в процесс обучения новых технологий, что существенно облегчает процесс обучения, при этом повышая качество знаний учащихся!